

Мәслихаттың 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 230 "Қостанай облысы Жітіқара ауданы Степной ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 364 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 31 желтоқсанда № 8861 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2023 жылғы 30 қарашадағы № 84 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 30.11.2023 № 84 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына сәйкес Жітіқара аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Жітіқара ауданы Степной ауылының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 230 шешіміне (2014 жылғы 3 маусымда "Житикаринские новости" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4799 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы  
Жітіқара аудандық мәслихатының хатшысы*

*Е. Колядина  
А. Кабиев*

Жітіқара аудандық  
мәслихатының  
2019 жылғы 24 желтоқсандағы  
№ 364 шешіміне  
қосымша

**Қостанай облысы Жітіқара ауданы Степной ауылының жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

№	Степной ауылы көшелерінің атауы	Өкілдер саны (адам)
1	Абайская көшесі	7
2	Целинная көшесі	9
3	Минская көшесі	5
4	Цурлуй көшесі	3
5	Сабуров көшесі	3
6	Комсомольская көшесі	1
7	Садовая көшесі	4
8	Новая көшесі	1
Барлығы		33